



МУХТАР АЗАЛЫ

№13
(2184)
Сәрсенбі
14 ақпан
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

«ҚАЗАЛЫ» ВОКАЛДЫ-АСПАПТЫ АНСАМБЛІ ҚАЗАЛЫЛЫҚТАРҒА ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ-КҮЙ СЫЙЛАДЫ

Қазалы қалалық Мәдениет үйінде өткен Қазалы вокалды-аспапты ансамблі өнерпаздарының концерттік бағдарламасын аудан әкімі Мұхтар Оразбаев құттықтау сөз сөйлеп ашып, ансамбль ұжымына шынайы ризашылығын жеткізді. Сондай-ақ өнер ұжымын «Алғыс хатпен» марапаттады.

Ескі әуендерді бүгінгі күнге лайықты етіп нақышына келтіре орындап, халық мұрасын кеңінен насихаттап жүрген өнер ұжымының құрылғанына биыл 31 жыл толып отыр.

Бұл уақыт аралығында Әділхан Ыбраймов жетекшілік ететін «Қазалы» вокалды-аспапты ансамблінің бағындарған



белестері аз емес. Облыстық «Жас қанат» байқауынан бас жүлде иеленіп, республикалық «Жас Қанат» байқауына жолдама алды.

Мұнан бөлек, Қазалы қаласында 15 жыл бойы өткізілген аудандық және облыстық деңгейдегі «Ретро» фестивалдеріне үздіксіз қатысып, өнерлерімен халықтың ыстық ықыласына бөленіп келеді.

Мәдениет үйіне жиналған көрермендер ансамблдің орындауында «Өкінбе сен», «Розы-вые розы», «Туған жер», «Белые розы», «Трава у дома», тағы басқада көптеген ретро әндерді тыңдады.

ТҰРҒЫНДАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАДЫ

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев бекітілген кестеге сәйкес тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдауға келген тұрғындар аудан басшысына өздерінің талап-тілектерін айтып, оң шешімін табуына ықпал жасауды сұрады.

Тұрғындардың дені тұрғын үй кезегі мен тұрақты жұмысқа орналасу мәселесін алға тартты.

Қабылдауда аудан әкімі Мұхтар Әуесұлы әрбір тұрғынның

мәселесіне жеке тоқталып, заңдылыққа сәйкес түсіндірді.

Сонымен бірге, жұмыс сұраушыларға бос жұмыс орындарын ұсына отырып, мәселесін шешу үшін тиісті бөлім басшысына тапсырмалар жүктеді.

Мұнымен қоса, азаматтардың арыз-шағымдары мен ұсыныстары бойынша жауапты сала басшыларына мүмкіндіктерді қарастыра отырып, заң аясында шешуді тапсырды.

АЙМАҚТЫҚ ӨНЕР ФЕСТИВАЛІ БАСТАЛДЫ

Қазалыда еліміздің төл мәдениетін, дәріптеу мақсатында «Туған өңір – тұнған өнер» атты аймақтық өнер фестивалі басталды.

Роза Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында өткен фестивальдің салтанатты ашылуына аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

Салтанатты шарада ауданымыздың мәдениет саласының дамуына елеулі үлес қосқан бірақатар азаматтар облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың «Алғыс хатымен» марапатталды.

Фестиваль шымылдығын аудандық мәдениет орталығы мен ауыл өнерпаздары ашып, ән мен биден шашу шашты.

Мәдени шара барысында әр ауылдың таңдаулы өнерпаздары сан қырынан танылтып, көрерменнің зор ықыласына бөленді.

Айта кетейік, өнер сайысы 28 ақпан - 26 мамыр күндері аралығында 4 аймақ бойынша өткізілмек. Өнер додасы 6 шілдеде қортындылатын болады.

БАЛА ТӘРБИЕСІ – ЖАУАПТЫ ІС

Облыс әкімінің кеңейтілген мәжілісінде бала тәрбиесі, жасөспірімдер арасындағы түрлі құқық бұзушылықтардың алдын алу, тағы басқа өзекті мәселелерге қатысты бірқатар тапсырмалар берілген болатын.

Осыған орай ауданымызда түрлі шаралар қабылданып, бірқатар жоспарлы жұмыстар атқарылуда.

Аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш бастаған арнайы құрам «Өркендеу», «Бірлік», «Аранды», «Бозкөл» ауылдық округтеріне барып, ауыл тұрғындарымен кездесу өткізді.

Кездесуде ауыл тұрғындары арасында қоғамдық тәртіпті сақтау, бала тәрбиесіне аса мән беру, жастар арасында түрлі құқық бұзушылықты болдырмау сынды өзекті мәселелерге қатысты түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Айта кетейік, кездесуге аудандық мәслихаттың депутаттары: Нұрғиса Жалғасбаев, Күншығар Әбілов, аудандық полиция бөлімінің бастығы Асылбай Аңсатов және бірқатар дербес бөлім басшылары қатысты.

ӨҢІРЛІК КАДР РЕЗЕРВТЕРІН ІРІКТЕУ ЖОБАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Қазалы ауданы әкімі және 3 жылдан кем емес аппаратының басшысы Ринад Тілеп жас қызметкерлерге ағымдағы жылдың 1 наурызынан бастап еліміздің барлық өңірлерінде бастау алатын жобаның мақсаты мен талаптары және іріктеуден өтетін азаматтарға берілетін мүмкіндіктер жайында әңгімеледі.

Айта кетейік, Өңірлік кадр резервіне бес іріктеу кезеңінен кейін ең жоғары балл жинаған 10 үміткер таңдалады.

Қатысушыларға қойылатын негізгі талап – 35 жас-тан аспаған, жоғары білімі

және 3 жылдан кем емес еңбек өтілі бар Қазақстан Республикасының азаматы болуы тиіс. Кадр резервіне іріктеудің басты мақсаты – мемлекеттік қызметке өз білімі мен тәжірибесін, жаңа идеялары мен жобаларын қолдана алатын талантты жастарды тарту. Өңірлік резервке алынған азаматтар жергілікті атқарушы органдарда «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналаса алады.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі**

АҒАЛАР ЕСКЕ ТҮСКЕНДЕ НЕМЕСЕ МЕНІҢ АЛҒАШҚЫ РЕДАКТОРЛАРЫМ ЖАЙЛЫ ҮЗІК СЫРЛАР

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының ортасында аудандық газет редакциясына қызметке қабылданғаным күні кешегідей көз алдымда. Аға толқынның өнегесін үйрендік, мамандығымызға бейімделдік, шығармашылық сырына бірте-бірте қанықтық. Іздену арқылы ілгеріледік.

Алғашқы редакторым аудан халқына қадірлі азамат, талантты ақын, тәжірибелі журналист, білікті ұйымдастырушы Сәкең, Сейіл Боранбаев аға болатын. Орынбасары Киікбай Ізетов, жауапты хатшы Жұмабай Жақып, бөлім меңгерушісі Молдабай Қаржаубаев, Әбен Жұмашев, фото-корреспондент Кемелбек Сағымбаев, әдеби қызметкер Жаңабай Өтегенов ағаларым газет жұмысына ысылған кәсіби журналистер. Олардың қатарына орта мектепті бітірген ауыл баласы менде барып қосылдым. Оған мектеп қабырғасында жүргенде жазған мақалаларымның аудандық, облыстық басылымдарға жарияланғандары себеп болды ғой деп ойлаймын.

Редакторым жазғандарымды түзейді, шығармашылыққа ынталандырады, үздіксіз ізденіске ұмтылдырады, тәуірлеу мақала жазсақ мақтап мерейлендіреді. Сөйтіп жүріп аға журналистердің соқпақ сүрлеуімен бізде алға өрледік.

Өмір болған соң редакцияда өзгерістер болып жатты. Әріптес ағаларымыз қызметке сатылап өсті. Басқа қызметтерге ауысты. Олардың орнына басқа қызметкерлер келді. Насифулла Аяғанов, Жүргенбай Өмірбаев, Бақытжан Жалғасбаев, Қасқырбек Мәмбетжанов, Едіге Кішкенеєвпен тонның ішкі бауындай жақындасып, ынтымақтаса еңбек еттік. Сыйластығымыз жарасым тапты. Газет жұмысын жоғары деңгейге көтеруге шамашарқымызша үлес қостық. Есімдері аталған жігіттердің барлығы газет ісіне жаңа араласқандар болса, Бақытжан Жалғасбаев ағамыз газет редакцияларымен баспаларда қызмет атқарған қарымды журналист еді. Сырқат меңдеген журналист ағаның туған жерге оралуының осындай өзіндік себептері бар екен. Бақытжан аға оңашада тілдесе қалғанымызда ауруының жәйін жиі сөз етіп, денсаулығына алаңдайтынын жасырмайтын. Қайран азамат, өз өмірінің санаулы күндері қалғанын сезіп жүреді екен ғой. Көп ұзамай-ақ дүние салды.

Жас журналистердің қай-қайсысының да журналистік мамандықты меңгеріп кетуіне байсалды редакторымыз, білімдар ағамыз Сейіл Боранбаевтың ерекше қамқор болғанын атап өткім келеді.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының басында ардақты

ұстазымыз «Ұстаз», «Табиғатқа тіл бітсе», «Қалтқы», «Мырза маусым», «Қайырлы таң», «Төрт түліктің төлдері», «Халқым қалай күн көрер» жыр кітаптарының және басқа да мазмұнды өлең жолдарының авторы Сейіл аға Боранбаев облыстық «Ленин жолы» газеті бас редакторының бірінші орынбасары қызметіне жоғарылады. Кейін ол облыстық баспа ісі, полиграфия және кітап саудасы басқармасын басқарды.

Аудандық «Ленин туы» газеті редакторының орындығына бұрынғы газет қызметкері, аудандық партия комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған Шерекенов ағамыз отырды. Тәкең ағамыздың кезінде редакцияда аз-кем өзгерістер орын алды. Замеддин Нұраддинов, Балтабай Тәжімбетов, Жетіскен Мәкенәлиев есімді азаматтар қызметке алынды.

Тиышбай аға ұзақ жылдар партия қызметінде болғандықтан ба, әлде өзінің табиғаты солай ма барынша сақ, материалдарды да таңдап басады. Газетке өзгерістер жасауға, өзіндік стиль қалыптастыруға тырысып бақты. Көлемді материалдарды да саралап сирек жариялайтын. Жоғарыдан партиялық бақылауда бар әрине. Өзінің мазасыздығы және бар. Мақалаларды шұқылап түзететін.

Бірде Абай аулының атақты шопаны Мырзаш Жұмашев туралы бір беттік очерк жазып әкелгенмін. Редакторым очеркімді парақтап көрді де газеттен жарты бет ғана орын берілетінін, қысқартып беруді тапсырды. Басшы айтқан соң тапсырмасын орындадым. Бірақ, материалымның соншама қысқартылғанына әрине қынжылдым. Сондықтан толық нұсқасын қайта бастырдым да облыстық «Ленин жолы» газетіне поштамен салып жібердім. Шынында мақаламның аға газетке жарияланатынына сенімім болған жоқ. Алайда көп ұзамай толық нұсқасында облыстық газеттің жарты бетін тұтас алып «Еңбекпен өрілген өмірбаян» атты тақырыппен очеркімнің жарияланбасы бар ма? Мен үшін бұл қуаныш болды. Редакторымда, өзгелері де ештеңе дей қоймаса да қатарластарым қолымды қысты.

Тиышбай Шерекеноваудандық партия комитетіне қайта жұмысқа алынды да ұзақ жылдар газет редакторының орынбасары болып қызмет атқарған Киікбай Ізетов ағамыз оның орнын басты. Редакция қызметкерлерінің бәріне етене таныс Кіекең ұжым мүшелерімен сыйласа, ынтымақтаса еңбек етті. Газет жұмысының барлық саласына қанық, ұзақ жылдардан бері оның ыстық-суығына әбден тезген сыпайы мінезді ағеден азамат

көп ұзамай-ақ аудандық партия комитетіне қайта қызметке шақырылды.

Аудандық газет қызметкерлері арасында тараған редакторлық қызметке аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып ұзақ жылдар қызмет атқарған қарымды қаламгер, талантты журналист, КСРО және Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Әлмәмбет Әлішев ағамыз келеді екен деген хабар расқа шықты. Бұл өткен ғасырдың сексенінші жылдарының ортасы болатын.

Әлекең басшылыққа келген соң журналистерге талапты күшейтті. Қарымды қабілет иесі газетте тек сапалы, мазмұнды материалдар жариялауды міндеттеді. Осылайша газет ісіне өзгерістер әкелді. Мақаланы қалай жазуды, мәліметті қалай алуды журналистке өзі ұғындыратын. Және редакция қызметкерлеріне жеке-жеке тапсырма беріп, орындалуын өзі бақылайтын. Егерде журналистің жазған мақаласы көңілінен шықпаса қайта жаздыратын, қалай жазу керектігін жалықпай түсіндіретін. Одан соң да мақаланы жөндеп, түзеп, иін қандырып барып газетте жариялайтын. Редакциядағы әрбір журналистің қарым-қабілетін тамыршыдай тап басып, оның қай саладан материал жазуға икемділігін жазбай танып, содан соң –ақ нақты тапсырмалар беретін. Кейбір шабандау қызметкерлерге Әлекеңнің талабын орындау қиындыққа соққанында жасырмаймыз. Сөйтіп, Әлмәмбет аға аз ғана жылдардың ішінде газет сапасын жоғары деңгейге көтеріп, газет тиражын санамалап өсірді.

Әлекең аға бір күні мені өзіне шақырып алып нақты тапсырмалар берді. «Бір ауылдың экологиясы» атты тақырыптағы мақаланы газетте жариялауымыз керек. Онда мынадай мәселелер қамтылуы тиіс деп бірнеше сауалды алдыма досты. Оған жауап іздеуді маған жүктеді. Ойлануға уақытта берді.

Редактор ағамыз екеуіміз ақылдаса отырып, бір ауылдың экологиясын жазуда «Бозкөл» аулын таңдадық. Ертеңіне мен «Бозкөл» совхозына іссапармен жүріп кеттім. Ауылдағы мекемелер мен үй аулаларын аралап, өсіп тұрған талдарды түгелдей санап шықтым. Аулаларына тал екпеген үйлер мен мекемелердің себебін зерттедім. Ауыл тұрғындарымен сөйлесіп, олардың ой-пікірлеріне ден қойдым. Сондағы көңілге түйгенім жалпы ауыл адамдары мүмкіндіктер жасалса тал егуге құлықсыз емес. Ауыл экологиясын жақсартуды бәрі де қолай көреді. Сондықтан көктемде ауылда қанша түп тал отырғызылғанын, оған су

жеткізудің жәйін зерделедім. Сөйтіп, аудандық газетте «Бір ауылдың экологиясы» атты бір бет материал жарық көрді. Одан кейін менде тыныштық жоқ. Апта соңында автокөлікпен «Бозкөл» аулын бетке аламын. Менің автобустан түсіп жатқанымды есітіп, ауылдағы мекемелердің бір-жар қызметкерлері аулаларға шығып, қолдарына күрек ұстап тұратын болды. Мекемелерді, үйлерді аралап, аулаларындағы көктеген тал көшеттерін санаймын. Қаншасы қурап қалғанын қойын дәптеріме жазып аламын. Мекеме мен жеке адамдардың қанша түп тал егіп, оның қаншасын өсіргенін немесе қурастырғанын апта сайын газетте жариялап отырдық. Шыны керек, менің апта сайын ауылдарына барғанымды қаламаған көз таныстарым да кездесті. Соның бірі: «Реке-ау, осы сізде тал санаудан басқа жұмыс жоқ па, бізге де ыңғайсыз, оданда үйіңізде демалып жата бермейсіз бе, талды өзімізде өсіре береміз ғой», - деп әзілдейтін.

Менің бір ауылдың экологиясын сәлде болса жақсарту, елді мекенді көркейтуге үлес қосу үшін сол жылы «Бозкөл» совхозына жиі барғанымның азда болса пайдасы тиді ғой деп ойлаймын. Себебі, егілген талдардың барлығы болмағанымен мекеме, жеке үйлердің ауласында, көшелер бойында көк желектің бой көтергеніне кәміл сенімдімін. Сол жас өскін ағаштар Әлекең ағамыздың бір ауылдың экологиясын жақсартуға қосқан үлесі, елі үшін атқарған еңбегі деп білемін.

Қарымды редактор ағамыз қолдан келгенінше редакция қызметкерлеріне қамқорлық жасауға ынталатын. Сондықтан бір күні орайы келгенде басшымызға «оқуға барамын» деген өтініш тілегімді айттым. «Бар, бар, бірақ ертерек қамдануың керек еді, әлі де кештік етпес», - деді Әлекең қамқор үнмен.

1987 жылы қазіргі Бекарыстан би аулының тұрғыны Сахи Қапаров екеуіміз оқу үшін Алматыға жол тарттық. Әсем қала Алматыны алғаш көруіміз. Оңтүстік астанаға осы кезге дейін екеуіміздің де жолымыз түспепті-ау. Не керек, сұрастыра жүріп, ҚазГУ-дің оқу корпусын өзер таптық. Университетке құжаттарымызды тапсырып, журфактың жатақханасынан орын алдық. Содан кітап парақтарын қайта-қайта сүзгілеп, емтиханға әзірлендік. Сахи екеуіміз түннің ортасына дейін емтиханға әзірленуімізді бір сәтке дейін тоқтатқанымыз жоқ. Оқуға барамыз деп әуірімдеп ауылдан шыққан екенбіз, енді намысты ойлап жанталасамыз. Ұйқы қашып, басымыз мең-зең күйде.



АҒАЛАР ЕСКЕ ТҮСКЕНДЕ НЕМЕСЕ МЕНІҢ АЛҒАШҚЫ РЕДАКТОРЛАРЫМ ЖАЙЛЫ ҮЗІК СЫРЛАР



қызметке алыныпты. Әріптес аға Жүргенбай Өмірбаев пен Сахи Қапаров ҚазГуге сырттай оқуға түсіпті. Ұжымдағы жақсылықтарға қаныққан соң, Әлмәмбет ағаға сәлем бердім. Өндірістік тәжірибеден өтуге келгенімді айттым. Әлекең салғаннан «Сен, бізде қызметке қал, сені практикант емес, еңбекші хаттары бөлімінің меңгерушісі етіп жұмысқа қабылдаймын. Қазір бұйрықты жазып тастайын. Сен отыра бер», - деді де бұйрықты жаза бастады.

-Әлеке аға, мен қазір практикантпын. Осында жұмыс істеп қалсам, алдағы оқуым қалай болады, оны қалай жалғастырамын деп едім, «оны да кезінде ойластырып көрерміз», - деп ағамыз бет қаратпады. Басшы, әрі өзім сыйлайтын аға сөзі тартынуға мүмкіндік қалдырмады. Мен осылайша аудандық газеттегі еңбек жолымды қайта жалғастырдым. Оны кезінде менімен қызметтес болған журналистер жақсы біледі.

Ойлап отырсам, Әлекең ағамен ширек ғасырдан астам уақыт бірге қызмет атқарыппын. Бөлім меңгерушілігінен жауапты хатшылыққа балама негізде сайландым. Кейін редактордың орынбасары болдым. Осы жылдары ағамыздың қамқорлығын көрдім. Тәжірибесін үйрендім. Газетті уақытылы, сапалы, мазмұнды шығаруға шамамның келгенінше атсалыстым. Талантты журналист, қаламгер ағадан тағылымы мол көп істерді үйренгенімді баса айтқым келеді. Ағамыздың маған сенім артқаны болар, соңғы жылдары мақалаларды өзің оқып-ақ басуға жібере бер» деп жауапкершілікті жүктеп қоятын.

Ақиқатын айтсақ Әлмәмбет Әлішев мен көрген басшыларымның ішіндегі ең батыл редактор болды. Өз принципін қорғауға келгенде ешкімнен тайсақтап қорықпайтын. Айтса орындатын, болмайтын нәрсенің тоқ етерін кесіп, бір-ақ айтатын кесек мінезді дара азамат еді. Қарамағындағыларды қорғай да білетін, қорқыта да алатын. Мінезінің бір ерекшелігі ықыласы кеткен адамға көлдей, жек көрген адамына

шөлдей еді. Талай журналистің шеберлігін шыңдап, ақын Едіге Кішкенеевке мекеменің жеңіл көлігін жеке атына аударып беріп, пәтерін кеңейтуге жәрдемдесті. Сахи Қапаров екеуіміздің пәтер алуымыз Әлмәмбет ағамыздың тікелей араласуымен оңтайлы шешімін тапты. Жұмыссыз жүрген Құттыбай Баймахановқа қызмет ұсынды. Тарғын Қаниев пен Жұмабек Табынбаевтың журналистикадағы тұсауын кескенде Әлмәмбет аға.

Әлекең газетке басшы болғанда байырғы журналистер: Балтабай Тәжімбетов, Молдабай Қаржаубаев, Жаңабай Өтегенов, Едіге Кішкенеев, Жүргенбай Өмірбаев, Нәсифулла Аяғанов, Жетіскен Мәкенәлиев, Қасқырбек Мәмбетжанов, Қайрат Исаев, Тарғын Қаниев, Сахи Қапаров, Құттыбай Баймаханов, Жұмабек Табынбаевтармен қоян-қолтық араласып, сыйласып қызмет атқардық. Олардың бірсыпырасы кейін басқа қызметтерге ауысып, абыройлы іс атқарды.

Білікті де білімді, талантты публицист, жазушы, шебер ұйымдастырушы Әлекеңнің жоғарыда сапалы газет шығарып, тиражын еселегенін айтқан едік. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында ол басқарған «Ленин туы» газетінің тиражы 12000 данаға дейін жеткізіліп, республикадағы ең көп таралымды жергілікті қазақ басылымы атанды. Мұндай биік көрсеткіш қарымды да қайратты, алымды да шалымды, шебер ұйымдастырушы, ұшқыр қалам иесінің жанкешті шығармашылығының арқасында ғана мүмкін болғандығын ерекше атап өтуге тиіспіз. Осы жылдары өзге әріптестері де алымды редактордың арынын еріксіз мойындауға мәжбүр болған-ды.

Айтулы шығармашылық иесінің аймақтық «Тұран-Қазалы» газетін шығарудағы еңбегі бір төбе екенін қызғанышсыз -ақ атап өткеніміз жөн. Әлекеңнің ұйымдастырушылық дара қабілетін журналист кадрларын тәрбиелеп шығаруынан-ақ байқауға болады. Ағамыз қарапайым белсенді тілшілерден газет қызметкерлерін даярлап шығарды. Әлекеңнің төл «университетінен» тәлім алған: Тілектес Аязбаев, Жеткербай Махамбетов, Беганыш Жақсыбаев, Шәрбану Бакеева, Гүлшаһар Әймішева, Серік Бәймен, Құдайберген Ескей және басқаларының түрлі салаларды қамтып жазған көлдей-көлдей мақалалары газет беттерінде жиі жарияланды. Олар түрлі мамандық иелері болса да жазу өнерін

кәсібилікпен меңгерген. Олардың көпшілігі Қазақстан Журналистер Одағының мүшелері. Бұл да ұстаздың тілшілер әзірлеудегі бір қырын аңғартса керек.

Ауданның абыз ақсақалы, бекзат болмысты, дегдар мінезді, текті азамат, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстанның құрметті журналисі, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Қазалы ауданының құрметті азаматы, «Бейбітшілік әлемі» халықаралық қазақ творчестволық бірлестігінің «Ел ардақтысы» медалінің, «Құрмет белгісі» орденінің иегері Әлекеңнің, шығармашылық еңбегін тілге тиек етпесек, өзіміз құрметтейтін ағаға қиянат жасағандай болар едік.

Қаламгер, жерлесіміз Кеңес Одағының батыры Үрмәш Түктібаев ерлігін тереңдей зерттеп «Үрмәш Түктібаев» атты деректі хикаятты дүниеге әкелді. Ол кейін «Батыр болып тумайды» атты көркем шығармаға айналды. Аталған хикаят 1972 жылы латыш тіліне аударылып, Риганың «Лиезма» баспасынан көп тиражбен басылып шықты. Оқырмандар оясынан шыққан аталмыш шығарма туралы 1972 жылы 19 сәуірде «Правда» газетінде, 1975 жылғы 11 маусымда «Литературная газетада» жоғары баға берілуі Әлмәмбет Әлішевтің жазушылық қарым қабілетін, шығармашылық дарынын аңғартса керек. Сондай-ақ, баспалардан шыққан «Ат тұяғын тай басар», «Бейтеректің бұтағы» шығармалары мен «Иірім» романы оқырмандардың оясынан шыққан құнды дүниелер. «Ой орамдары» атты әдеби-философиялық толғаулар жинағы оқырманды өрелі ойларға жетелейді.

Тау тұлғалы табанды азаматты көпшілік әлдеқашан бағалап, ұлт қайраткері ретінде мойындаған. Алдаспандай жарқылдап, «бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ» дегендей әділдіктің жоқшысы атанып, тіліп сөйлеп, турасын айтқан, еңсесін үнемі тік ұстап, өресіздердің мысын басқан, тумысынан қайсар тұлғаны аудан халқы әркез мақтаныш етеді.

Әлмәмбет көкеміздің қаралы жиынында сөз сөйлеген сыйлас інісі, ауданға белгілі азамат Талайлы Бөріқұлақов, «Әлекең ағайынның абыройын ойлаған айбалтасы, аудан халқының жоғын жоқтайтын, сөзін сөйлейтін айбаты, көкірегі ояу, көзі ашық азамат еді» деген болатын. Дәл айтылған бағаға біздің алып қосарымыз жоқ.

Раушанбек СЕЙТЕНОВ,
«Тұран-Қазалы»

Тағдырымызды шешетін күткен күнде келіп жетті. Шығармашылық байқаудан өткен соң емтихан басталды. Әуелі шығарма жаздық. Одан тәжірибеміз бар, газетте қызмет атқарғанымыз бар қинала қойған жоқпыз. Қоғам тану пәнінен де сүрінбей өттік. Дайындығымыздың кемшіндігі болар, тарих пәнінен біраз қиналуға, терлеуге тура келді.

Мен университетке студент болып қабылданған соң ауылға оралдым. Әлекең ағама барып сәлем бердім. Оқуымның жөйін айттым. Ақылшы аға оқуыма сәттілік тіледі.

Бірінші курста оқып жүргенімде Астанадағы газет редакцияларын жағалап, бірнеше мақалаларыммен, әңгімемді жариялап үлгірдім. Мақсатым алғашқы курста -ақ өндірістік тәжірибемді Астаналық газеттердің бірінде өткізу еді. Бірақ маған курс кураторы, деканның орынбасары сыйлас азамат Сейдолла Садықов басқалай ой салды. «Сен отбасылы адамсың, Астанада бір ай жүргенше, ауылдағы аудандық газеттен өндірістік тәжірибеден өт, және бір ай демалысында отбасыңның, бала-шағаңның жанында боласың. Сонда екі ай үйіндесің. Келесі жылы-ақ республикалық басылымдарда тәжірибеден өтерсің», - деп маған ақыл қосты.

Соныменпойызғамініп, ауылға бет түзедім. Отбасыммен қуана қауышып, екі-үш күн өткен соң өзім қызмет атқарған аудандық газет редакциясына бардым. Сахи осында қызметке орналасыпты. Белсенді ауыл-село тілшілері: Тарғын Қаниев пен Құттыбай Баймахановта

«ЖАС ТҮЛЕК – 2023»!

Егер Сіз 2023 жылы мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын әріптік жүйе бойынша бағалар В+ және баллдардың сандық эквиваленті («GRA» көрсеткіші) 3,33-тен кем емес көрсеткішпен аяқтаған болсаңыз, Сіз «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес оқуды бітіргеннен кейін бір жыл ішінде төмендегі лауазымдарға конкурс өткізілместен орналаса аласыз:

1.Облыс аудандарының немесе облыстық маңызы бар қаланың (облыстың әкімшілік орталығы болып табылатын қаладан басқа) әкімдігі мен мәслихаты аппараттарының төменгі лауазымдары;

2.Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыс ауданы және облыстық маңызы бар қала (облыстың әкімшілік орталығы болып табылатын қаладан басқа) атқарушы органының басшылық емес лауазымдары;

3.Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының басшылық емес лауазымдары;

4. Министрліктердің,

агенттіктердің облыстық аумақтық департаменттері мен инспекцияларына қарасты облыс орталығы емес қалалар мен аудандардағы бөлімшелерінің басшылық емес лауазымдары.

Осы ретте, жоғарыда аталған талаптарға сәйкес келетін 2023 жылғы түлектерден Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің zh.shintasov@kzmet.gov.kz электронды мекен-жайына төмендегі құжаттарды жолдауларыңызды сұраймыз.

1.Жоғары білімі туралы диплом және оның қосымшаларының нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

2.Жоғары немесе жоғары оқу орынын мемлекеттік тапсырыс шеңберінде 2023 жылы бітіргеніңізді айқындайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

3. Жеке басын анықтайтын куәліктің көшірмесі.

Қосымша ақпараттарды 70-57-37 немесе 70-56-26 байланыс телефондары арқылы алуға болады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСЕЙІК

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының заңында, тәртіптік әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыратын сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттер құқық бұзушылық болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Сол себепті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік қызметкерден адалдықты, заңдылықты сақтауды, сонымен қатар жауапкершілікті талап етеді. Ал ең бастысы адамды адамгершілікке тәрбиелейді.

Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын іс-әрекеттерге, басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметіне заңсыз араласу, адамдардың не олардың жақын туыстары мен жекжаттарының материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өздерінің қызметтік өкілеттігін пайдалану, заңда көзделмеген артықшылықтар беру, шешімдер әзірлеу мен қабылдау кезінде заңды және жеке тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету, тағы басқалар жатады.

**Алтынбек ҚАЛИЕВ,
Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар
бөлімінің бастығы,
азаматтық қорғау
подполковнигі**

ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕСІ –ТЕМІРЖОЛДЫҢ БАСТЫ ҚОРҒАНЫСЫ

Қазалы жоғары көлік техникалық колледжі студенттерінің қатысуымен қауіпсіздік шараларына арналған кездесу өтті.

Кездесуде Қазалы станциясы басшысының орынбасары Р.Махашов «Қауіпсіздік ережесі – теміржолдың басты қорғанысы» тақырыбында баяндама жасады.

«Адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметіміздің маңызды бағыттарының бірі. Жүргіншілер теміржол өткелдерін, жаяу жүргінші жолдарын пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтап, пойыздар қозғалысына кедергі келтірмеуі қажет. Тоқтап тұрған пойыздың алдынан өтуге, электр қондырғыларының есіктерін рұқсатсыз ашуға, бағыттамалы бұрмалардың үстімен жүруге болмайды. Студенттер мекемеге тәжірибеден

өтуге барғанда арнайы жолдармен жүріп, қауіпсіздік ережелер мен нормаларын қатаң сақтауы қажет», - деді Руслан Махашов.

Кездесуде колледж директорының оқу-өндірістік жұмыстары жөніндегі орынбасары Анар Ахметова сөз сөйледі.

«Теміржолда қауіпсіздікті сақтау-баршамыздың ең басты міндетіміз. Сондықтан сақ болуымыз қажет. Кейде күйбең тірлікпен қауіпсіздікті сақтамай, асығыстық жасап, опық жеген жандар қаншама. Сондықтан да теміржолда қауіпсіздік ережелерін сақтау әрбір адамның ең басты міндеті. Осы орайда мұндай шаралардың өткізілуі дұрыс деп ойлаймын», - деді А.Ахметова.

**Руслан МАХАШОВ,
Қазалы теміржол
станциясы басшысының
орынбасары**

ТУРАЛЫҚТЫ ТУ ЕТКЕН–ТӨЛЕ БИ

Халқымыздың ұлы тұлғаларының бірі –Төле би. Ол Әз Тәуке құрған билер кеңесінің мүшесі, атақты шешен, «Жеті жарғы» заңдар кодексінің шығарушылардың бірі. Биыл ұлы шешеннің туғанына 360 жыл толып отыр. Төле бидің адалдық, парасаттылық, әділдік пен туралық қасиеттері бүгінгі өскелең жас ұрпақ үшін өнеге.

Қазалы аграрлы-техникалық колледжінің жатақхана меңгерушісі Р.Ысқақова мен тәрбиеші К.Иниязованың ұйымдастыруымен жатақхана студенттерінің қатысуымен «Туралықты ту еткен – Төле би» атты сахналық қойылым көрсетілді. Қойылымда студенттер Төле бидің халық ара-

сында шешімі қиын дауларды әділдікпен шешкенін, сөзге шешендігін, тапқырлығын, ақылдылығын, даналығын, достыққа адалдығын көрсете білді.

Еліне сөзі ем болған Төле би исі қазақтың мақтанышы. Қойылымда – дананың даналығы көрініс тапты деуге болады.

«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» дегендей, әділдігімен қара қылды қақ жарған Төле бидің өмірі жастарға да, ересектерге де үлгі.

**Келіс
МӘЖДӘУЛЕТҚЫЗЫ,
Қазалы аграрлы-
техникалық колледжінің
жатақхана тәрбиешісі**

● Хабарландырулар

ҚОҒАМДАСТЫҚ ЖИНАЛЫСЫНА ҚАТЫСЫҢЫЗДАР

«Майдакөл» аулы тұрғындарын 2024 жылы 15-наурызда сағат 11:00-де ауылдық клуб үйінде болатын жергілікті қоғамдастықтың жиналысына шақырамыз.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе: «Майдакөл» аулындағы Орталық көшесіне қайта атау беру туралы

**«Ақжона ауылдық округі әкімінің аппараты»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі**

ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРАМЫЗ

Аймақтық "Тұран-Қазалы" газетіне тұрақты жұмыс істеуге журналист керек.

Байланыс телефонымыз: 8(724-38) 26-094.

Мекен-жайымыз :Әйтеке би кенті,Қ.Пірімов көшесі,14 үй. «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.